

Көлік дәлізінің тынысы кеңейеді

Ұзақ жылдар бойы жұртшылық асыға күткен Қарағанды – Жезқазған жана автожолының құрылысына ресми түрде старт берілді. Жалпы ұзындығы 457 шақырымды құрайтын жаңа магистраль елдің көлік-логистикалық жүйесін күшейтіп, Арқа мен Ұлытау арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтермек. Жолдың 122 шақырымы облыс аумағы арқылы өтеді.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаға ресми түрде бастау берген салтанатты рәсімге Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков және «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев қатысты. – Бүгін біз үшін тарихи күн. Қарағанды – Жезқазған авто-



бил жолын қайта жаңғырту жұмыстарын бастап отырмыз. Бұл – еліміздің көлік жүйесі үшін стра-

тегиялық маңызы бар, Қазақстандағы негізгі инфрақұрылымдық жобалардың бірі. Болашақта бұл автожол елдің солтүстік және орталық өңірлерін оңтүстік аймақтармен байланыстыратын аса маңызды көлік дәлізіне айналады. Дайын болған учаскелер бойынша қозғалыс бүкіл тасжолының құрылысы толық аяқталғанын күтпей-ақ, кезең-кезеңімен ашылатын болады, – деп атап өтті Нұрлыбек Нәлібаев.

Қолданыстағы жолдың бойымен жаңа автожол бой көтереді. Ол II техникалық санатқа сәйкес келетін, заманауи қауіпсіздік пен сапа талаптары толық ескерілген екі жолақты магистраль болмақ.

– Бұл жобаның басты ерекшелігі – біз алғаш рет DBM (Design – Build – Maintain) моделін қолдандық. Бұл форматқа сәйкес

мердігер нысанның бүкіл өмірлік цикліне – жобалаудан және құрылыс жұмыстарынан бастап, оны жеті жыл бойы күтіп-ұстауға дейін толық жауап береді. Мұндай тәсіл жобалаушылар мен құрылысшылар арасындағы келіспеушіліктердің алдын алып, жобаның қымбаттау және мерзімінің созылу тәуекелдерін барынша азайтуға, сондай-ақ, бұған дейінгі жобаларда кездескен даулы мәселелерді болдырмауға мүмкіндік береді. Барлық жауапкершіліктің бір ғана мердігер ұйымның қолына шоғырлануы жобаны іске асыру үдерісін тиімді әрі ашық етеді. Жұмыстарды 2029 жылы аяқтап, осы жол учаскесінде көлік қозғалысын ашуды жоспарлап отырмыз, – деді Дархан Иманашев.

Жоба аясындағы құрылыс жұмыстары бір уақытта төрт



учаскеде қатар қолға алынды. Әр учаскенің мердігері анықталып, құрылысшылар бүгінде аумақты дайындау, жобалау және жер төсемін салу жұмыстарын бастап кетті.

– Осы маңызды жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсеткені үшін Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне шынайы ризашылығымды білдіремін. Жақын арада бұл жол өңіріміздің жаңа даму кезеңінің жарқын нышанына айналатынына сенімдімін. Жаңа тасжол өңірлерді ғана емес, адамдарды да өзара жақындастырып, өркендеуге, халықтың әл-ауқатын арттыруға және жаңа мүмкіндіктерге жол ашсын, – деді Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды – Жезқазған автожолын жаңғырту – өңірдің көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеретін ірі жоба. Ол іске қосылғаннан кейін өңірлер арасындағы байланыс нығайтып, жол қозғалысының қауіпсіздігі артып, жол жүру уақыты едәуір қысқарады.

– Республикалық маңызы бар осы автомобиль жолын қайта жаңғыртуды ұзақ жылдар бойы өңір тұрғындары ғана емес, мыңдаған жүргізуші мен жолаушы да асыға күтті. Жобаны қаржыландыру мәселесі оң шешімін тапқанда, бұл жаңалық барша жұрт үшін зор қуанышқа айналды, – деді Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Тәртіп өзгереді

Алдағы уақытта мектеп қабырғасында смартфон қолдану тәртібі өзгеруі мүмкін. Оқу-ағарту министрлігі қазір сабақ уақытында оқушылардың телефон пайдалануына қатысты жаңа талаптарды талқылауда. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Жұдыр Сүлейменов мәлімдеді.

Министрдің сөзінше, әзірге бастауыш және орта буындағы оқушыларға, яғни 1-7 сынып аралығындағы балаларға сабақ кезінде смартфон қолдануға шектеу қою мәселесі қарастырылуда. Мұндағы басты мақсат – оқушының назарына сабаққа аудару, оқу жүйесіне нұқсан келтіретін кедергілерді азайту және балалардың цифрлық құрылғыға шамадан тыс тәуелділігінің алдын алу.

Ал, жоғары сынып оқушыларына қатысты ұстаным бөлек болуы мүмкін. 7-11 сынып оқушыларына смартфон қолдануға белгілі бір деңгейде рұқсат беру жағы қарастырылып отыр. Себебі, бұл жастағы оқушылар Ұлттық бірыңғай тестілеуге және қорытынды емтихандарға дайындалады. Қазіргі оқу жүйесінде онлайн платформалар, электронды ресурстар мен тест тапсырмалары кеңінен қолданылады.

Дегенмен, бұл әзірге түпкілікті бекітілген шешім емес. Министрлік мәселені жан-жақты саралап, педагогтер мен ата-аналардың пікірін ескере отырып талқылау жүргізіп жатыр. Сондықтан, жаңа тәртіптің нақты қалай енгізілетіні, смартфонды қай уақытта және қандай мақсатта қолдануға болатыны алдағы уақытта белгілі болмақ.

Өз тілшімізден



Колледжге құжат қабылдау басталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауды, қоғамда еңбекқор және нағыз маман атану идеясын насихаттауды тапсырды. Осы орайда Қарағанды облысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі қарқынды дамуда. Өңірде бүгінде 33 мыңнан астам студент білім алатын 51 колледж жұмыс істейді. Оның 12-сі – бакалаврларды даярлайтын жоғары колледждер қатарында. Бұл туралы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына құжат қабылдау науқанына арналған брифингте айтылды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Брифинг барысында облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев мемлекеттік гранттарды бөлу кезінде еңбек нарығының нақты қажеттілігі, өңірдегі инвестициялық жобалар мен жұмыс берушілердің сұранысы негізге алынғанын атады. Негізгі мақсат – облыс экономикасын ілгерілетуге білікті мамандар даярлау.

Облыстық білім басқармасы басшысының айтуынша, биыл Қарағанды техникалық-құрылыс колледжіне жоғары колледж мәртебесі берілгеннен кейін оқу орны «Қарағанды жоғары инженеринг колледжі» аталды. Бұл өзгерістер өңірде инженерлік және техникалық кадрларды даярлау сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Қазіргі таңда колледждердегі дуальды оқыту жүйесі де кеңейіп

келеді. 37 колледжде 8 мыңнан астам студент білім алууда. Мұндай тәсіл студенттердің өндірісте тәжірибе жинақтап, оқуын аяқтаған соң бірден жұмысқа орналасуына жол ашады.

– Биыл облыс колледждерін 11 505 түлек аяқтайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 27 пайызға көп. Мамандар санының артуы мемлекеттік білім беру тапсырысының кеңеюіне байланысты. Колледждердің материалдық-техникалық базасы да жаңартылып жатыр. Теміртау жоғары политехникалық колледжінде гидротехникалық құрылыс құзыреттілік орталығы ашылса, Қарағанды колледждерінде «Ақылды үй» зертханасы, автомеханиктерге арналған арнайы кабинет жұмыс істейді. Бұл студенттердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бүгінде облыстың жеті колледжі халықаралық аккредиттеуден өткен. Бұл олардың білім беру сапасының



халықаралық талаптарға сәйкес екенін көрсетеді, – деді Дулат Жекебаев.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, халықаралық ынтымақтастық та дамып келеді. Теміртау жоғары политехникалық колледжі Қытайдың Бейжің қаласындағы Чанпин кәсіптік колледжімен бірлесіп Қазақстан – Қытай кәсіптік білім беруді ин-

новациялық дамыту альянсын құрды. Сонымен қатар, Шахтинск технологиялық колледжі мен Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінің 37 студенті Түркияның Анталия қаласындағы қонақүйлерде өндірістік тәжірибелен отуде. Ерекше білім беру қажеттілігі бар жастарды оқытуға да ерекше көңіл бөлінген. Облыстың 21 колледжінде 774 студент білім

алады. Олар үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленіп, бейімделген оқу жоспарлары енгізілген.

Қарағанды облысының колледж студенттері республикалық және халықаралық байқауларда да жоғары нәтижелер көрсетуде. Биыл жеті студент «Қазақстанның 100 үздік колледж студенті» жобасының жеңімпазы атанса, WorldSkills Kazakhstan чемпиона-



тында облыс құрамасы жалпықоғамдағы есепте үшінші орын иеленді. Халықаралық жарыстарда да өңір студенттері алтын, күміс және қола жүлделерге қол жеткізді.

Басқарма ұсынған мәліметке сүйенсек, 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы 9 300 грантты құрайды. Биыл техникалық бағыттағы бойынша қабылдау көлемі ұлғайтылған. Сонымен қатар, гидротехникалық құрылыс, педагог-ассистент және аддитивті өндіріс технологиялары сияқты жаңа мамандықтар ашылды.

Айта кеткен жөн, аймақтағы колледждерге құжат қабылдау 25 маусымда басталды. Талапкерлер құжаттарын eGov.kz порталы немесе колледждердің қабылдау комиссиялары арқылы тапсыра алады. Қабылдау мерзімі мамандықтарға қарай тамыз айының соңына дейін жалғасады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Еуропамен жаңа серіктестік

Кеншілер өлкесі халықаралық ынтымақтастықты дамытып, Еуропа-лық одақ елдерімен өзара тиімді әріптестікті дамыту бағытындағы жұмысын жүйелі түрде жалғастырып келеді. Соның жарқын көрінісі – аймақ делегациясының Словакия Республикасына жасаған жұмыс сапары. Іскерлік кездесу барысында өндіріс, инвестиция, кәсіпкерлік, білім және ғылым салаларын қамтитын маңызды келісімдер жасалып, алдағы бірлескен жобалардың негізі қаланды. Бұл сапар екі елдің өңірлері арасындағы байланысты нығайта отырып, Қарағанды облысының халықаралық экономикалық байланыстарын кеңейтуге тың серпін берді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов бастаған делегация құрамында мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірге энергетика, металлургия және ақпараттық технологиялар салаларында жұмыс істейтін кәсіпкерлер болды. Бұл сапар жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді қарастыру, өндірістік кооперацияны дамыту және өңірдің экономикалық әлеуетін халықаралық деңгейде таныстыру мақсатын көздеді.

Жұмыс сапарының негізгі шарасының бірі – «Қазақстан-Словакия» бизнес-форумы. Форумға мемлекеттік құрылымдардың, бизнес қауымдастықтарының және ірі компаниялардың өкілдері қатысты.

Кездесу барысында инвестициялық ахуал, бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндігі, өндірістік кооперацияны дамыту және өзара сауда көлемін арттыру мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, тараптар жаңа іскерлік байланыстар орнатып, нақты жобаларды жүзеге асырудың тетіктерін қарастырды.

Қарағанды облысының делегациясы сапар барысында Өңірлік кәсіпкерлер палатасының төрағасы Мужило мырзам, Словакия Республикасы Президенті Кеңесінің басшысы Фрич мырзам және Қазақстан Республикасының Словакия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Жанна Сағыновамен кездесті.

Келіссөздерде сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, инвестиция тарту, өнеркәсіптік байланыстарды нығайту және өңірлер арасындағы ұзақ мерзімді серіктестікті дамыту мәселелері талқыланды.

Бұдан бөлек, Банска-Быстрица өзінің басқаратын өлкесінің төрағасы Андрей Лунтермен өткен кездесуде екі өңір арасындағы әріптестіктің болашағына ерекше назар аударылды. Сондай-ақ, өңірлік Кәсіпкерлер палатасы мен Словакия Республикасы Президенті Әкімшілігінің өкілдерімен өткен келіссөздерде кәсіпкерлікті қолдау, өнеркәсіптік кооперацияны кеңейту, білім беру жүйесіндегі ынтымақтастық және өңірлердің тұрақты дамуы бағытындағы өзара іс-қимыл мәселелері қарастырылды.

Сапардың маңызды қорытындысының бірі – Қарағанды облысы мен Банска-Быстрица өзінің басқаратын өлкесі арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылуы. Бұл құжат алдағы уақытта экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық салалардағы байланысты күшейтіп, бірлескен инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға құқықтық негіз қалыптастырады.

Өңіраралық іскерлік байланыстарды дамыту жолында тағы бір маңызды құжатқа қол қойылды. Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасы мен Банска-Быстрица өлкесінің Кәсіпкерлер палатасы ынтымақтастық туралы меморандум жасады. Бұл келісім екі өңір кәсіпкерлерінің арасындағы тікелей байланысты нығайтып, тәжірибе алмасуға, экспорттық әлеуетті арттыруға және ортақ бизнес жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Жоғары білім мен ғылым саласындағы әріптестік те жаңа деңгейге көтерілді. Матей Бела университеті мен академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Құжат аясында студенттер мен оқытушылардың академиялық алмасуы, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, халықаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және тәжірибе бөлісу көзделіп отыр. Бұл екі жоғары оқу орнының ғылыми әлеуетін арттырып, халықаралық байланысын нығайтуға ықпал етеді.

Іскерлік сапар аясында Қарағанды делегациясы электроника, металлургия, энергетика және ақпараттық технологиялар салаларында табысты жұмыс істейтін бірқатар словакиялық кәсіпорындар аралады. Өндіріс орындарының жұмысымен танысып, заманауи технологиялардың енгізілуі барысын зерделеді. Кездесулер нәтижесінде бірлескен өндірістік жобаларды іске асыру жөнінде алдын ала уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Қазақстан нарығында қарағандылық «АлемГаз» компаниясымен әріптестік орнатқан Adfian Group компаниясына да ерекше назар аударылды. Кездесу барысында өнеркәсіп секторындағы ынтымақтастықты кеңейту, жаңа технологияларды енгізу және өзара тиімді инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Сонымен бірге, облыс делегациясы жекеменшік индустриялық-өнеркәсіптік аймақтың қызметімен танысып, инвестиция тарту, өндірістік инфрақұрылымды дамыту, индустриялық аймақтарды басқару және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тетіктері бойынша Словакияның тәжірибесін зерделеді. Бұл тәжірибе өңірдің индустриялық әлеуетін одан әрі дамытуға оң ықпал етуі мүмкін.

Облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысовтың айтуынша, бұл сапар екі-жақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

– Біз Словакияны Қазақстанның Еуропа-лық одақтағы маңызды серіктестерінің бірі ретінде бағалаймыз. Қол қойылған келісімдер экономика, білім беру және гуманитарлық саладағы өзара іс-қимылды дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Қол жеткізілген уағдаластықтар нақты жобалармен жалғасып, жаңа бірлескен бастамалардың негізіне айналатынына сенімдімін, – деді Ермек Алпысов.

Жалпы, Словакияға жасалған жұмыс сапары Қарағанды облысының халықаралық ынтымақтастық стратегиясының нақты нәтижелерінің бірі болды. Қол қойылған келісімдер мен қол жеткізілген уағдаластықтар өңір экономикасына инвестиция тартуға, кәсіпкерлікті дамытуға, ғылым мен білім саласындағы халықаралық байланысты кеңейтуге және өндірістік кооперацияны нығайтуға жаңа мүмкіндіктер ашпақ. Ендігі міндет – осы келісімдерді нақты жобаларға айналдырып, олардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету.

Сурет облыс әкімінің сайтынан

Қыстың қамын жаз ойлап...

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің төрағасы Ержан Ертаев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына электр және жылу энергетикасы нысандарының дайындығымен танысты.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыс сапары Шахтинск ЖЭО-нан басталды. Биыл станцияда екі қазандық агрегатына күрделі жөндеу жүргізілуде. Комитет төрағасы жөндеу науқанының барысын, күзгі-қысқы кезеңде станцияның сенімділігін арттыруға бағытталған шараларды қарап, жұмыстарды уақытылы әрі сапалы аяқтау қажеттігін атап өтті.

Келесі нысан – Саран қаласының қазандық кешені. Мұнда жылу көзінің қысқы маусымға дайындығы, қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі, жөндеу бағдарламасының орындалуы және жабдықтардың ең жоғары қысқы жүктемеге төтеп беру мүмкіндігі назарға алынды.

Қарағанды шәһрінде Ержан Ертаев ЖЭО-3-тегі жөндеу жұмыстарының барысымен және станцияны кеңейту жобасының іске асырылуымен танысты. Қазіргі таңда мұнда жаңа қазандық агрегаты мен турбоагрегат құрылысы жүргізілуде. Жоба аяқталғаннан кейін ЖЭО-3-тің электр қуаты 140 МВт-қа, жылу қуаты 180 Гкал/сағатқа артады деп күтілуде. Сонымен қатар, станцияда бір қазандық агрегаты мен бір турбоагрегатқа күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр.

Облыс орталығындағы маңызды энергетикалық нысандардың бірі – биыл пайдалануға берілген «Қарағанды Жарық» ЖШС-нің 110/10 кВ



«Жаңа Майқұдық» қосалқы станциясы. Бұл нысан Қарағанды қаласының ірі аудандарының бірін электрмен жабдықтау сенімділігін арттырып, жаңа тұтынушыларды қосуға қажетті қуат резервін қамтамасыз етеді. Яғни, қосалқы станцияның іске қосылуы Майқұдық бағытындағы электр инфрақұрылымының тұрақтылығын күшейтуге мүмкіндік береді.

Жұмыс сапары барысында Теміртау қаласындағы ТМ-3 жылу магистралін реконструкциялау жобасы да назардан тыс қалған жоқ. Аталған жоба «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғыр-

ту» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылуда. Нысанның жалпы ұзындығы – 4,1 шақырым. Бүгінде құрылыс-монтаж жұмыстарының 60 пайызы аяқталған.

Комитет төрағасы мердігер ұйым мен жауапты тұлғаларға жұмыс қарқынын жеделдетіп, бекітілген кестені қатаң сақтау қажеттігін тапсырды. Себебі, жылу магистралін уақытында әрі сапалы аяқтау Теміртау қаласының жылыту маусымын тұрақты өткізуіне тікелей әсер етеді.

Сапар барысында ерекше бақылауда тұрған ГРЭС-1 станциясындағы жөндеу жұмыстары да сараланды. Ны-

санда жөндеу бағдарламасының орындалуы барысы, оның ішінде, қазандық агрегатына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу пысықталды. Алдағы жылыту маусымының тұрақты өтуі – дәл осы жазғы дайындықтың сапасына байланысты екені қадір. Осы мақсатта Ержан Ертаев жұмыстарын толық көлемде орындау, өндірістік бақылауды күшейту, қажетті материалдық-техникалық ресурстарды жұмылдыру және барлық жұмысты белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде тапсырма берді.

Сурет облыс әкімінің сайтынан

Өзгерістер дәуірінің бастауы

Биыл 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы өзінің құқықтық және саяси дамуындағы жаңа кезеңге қадам басады. Осы күні жалпыхалықтық референдумда қабылданған Халық Конституциясы толық көлемде күшіне енеді. Соған сәйкес мемлекеттік басқару жүйесінде, жоғары заң шығарушы биліктің құрылымында және азаматтардың күнделікті өмірінде ауқымды өзгерістер жүзеге асады.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірқатар саясаттанушылар пікірінше, алдағы өзгерістер мемлекеттің тұтас саяси сәулетін терең жаңғыртуға көздейді. Саяси ғылымда мұндай үдерістер елдің дамуы үшін тың мүмкіндіктер кезеңінің басталуы ретінде бағаланады. Реформалардың табысы іс жүзінде қаншалықты тиімді жүзеге асатынына тікелей байланысты. Егер өміршен өзгерістер билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайтып, мемлекеттік органдардың есептілігін арттырып, азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтсе, бұл саяси жүйенің легитимдігін нығайтып, елдің инвестициялық тартымдылығына оң әсер етеді.

Халық Конституциясындағы ең маңызды жаңалықтардың бірі – қазіргі қос палаталық Парламенттің таратылуы. Ендігіде елдің жоғары заң шығарушы органы бір палаталық кәсіби Құрылтай болады.

Сонымен қатар, саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында вице-президент институты енгізіліп, Қазақстан Халық Кеңесі құрылады.

1 шілдеден бастап «Қазақстан Республикасы Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Заң күшіне енеді. Осы сәттен бастап, қазіргі Парламент өз жұмысын тоқтатып, Мемлекет басшысы жаңа заң шығарушы органның сайлауын өткізу туралы Жарлыққа қол қояды. Қазіргі мәлімет бойынша, сайлау науқаны алдағы бір-екі ай ішінде өтеді. Құрылтай құрамына бес жыл мерзімге сайланатын 145 депутат кіреді.

Адам құқықтарын қорғау саласында да маңызды өзгерістер орын алмақ. Мәселен, құқық қорғау органдары әлдебір азаматты ұстаған сәтте оның құқықтарын міндетті түрде түсіндіруге тиіс. Атап айтқанда, ұсталу себебі, үнсіз

қалу құқығы, адвокаттың көмегіне жүгіну мүмкіндігі және телефон арқылы хабарласу құқығы егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Халықаралық тәжірибе бұл «Миранда қағидасы» ретінде белгілі. Сонымен қатар, азаматтар өз құқықтарын шектейді деп есептеген заң нормаларына қатысты Конституциялық сотқа тікелей жүгіну құқығына ие болады. Мұндай өтініштер үшін мемлекеттік баж алынбайды. Сондай-ақ, Халық Конституциясында адвокатураның мәртебесі айқын бекітіледі. Адвокаттар сот процесінде прокурорлармен тең құқықта қатысып, бұл халыққа көрсетілетін заң көмегінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жаңа консультативтік-кеңесші орган – Қазақстан Халық Кеңесінің құрамына 126 адам енеді. Оның 42-сін этно-номодени бірлестіктер, 42-сін қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар, тағы 42-сін мәсли-

хаттар мен қоғамдық кеңестер ұсынады. Реформа авторларының пікірінше, бұл қоғамның мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтеді.

1 шілдеден бастап саудамен және өндірістік қызметпен айналысатын кәсіпкерлер өз өнімдерін фотосуреті, сипаттамасы, шығарылған жері және басқа да мәліметтері көрсетілген Ұлттық каталогқа енгізу міндетті болады. Тұтынушылар бұл ақпаратпен QR-код арқылы таныса алады. Ресми тіркеуден өтпеген тауарларды сатуға жол берілмейді. Сонымен бірге, жеке пайдалануға арналған құны 200 АҚШ долларына дейінгі тауарларды бажсыз әкелуге берілген жеңілдік сақталады. Салық кодексіндегі бірқатар терминологиялық өзгерістер де күшіне енеді. Соның ішінде ұлттық валютаның ресми жалпылуы өзгерді: құжаттарда бұрынғы «тенге» орнына «тенге» атауы қолданылады. Бұл тек орфографиялық өзгеріс екенін, ешқандай ақша реформасы немесе валютаны ауыстыру қарастырылмағанын заңгерлер тарабы баса белгіледі. Ал, заңнамада «республикалық референдум» ұғымы «жалпыхалықтық референдум» терминімен ауыстырылып, тиісті құқықтық нормаларда «Парламент» атауының орнына «Құрылтай» ұғымы қолданылады.

Зандар атаулысы мемлекет құрылымын бір күнде өзгерте алады. Ал, қоғам сенімі жылдар бойы қалыптасады. Халық Конституциясы ел дамуының басым бағытын айқындайды. Оның шынайғы құндылығы қабылданған жаңа институттар мен құқықтық нормалардың санымен де сапасымен де, азаматтардың өмірін әділ, қауіпсіз әрі түсінікті ете алуымен өлшенеді.

ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ

Төлемнен – тұрақты табысқа

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік көмектің шын мұқтаж азаматтарға бағытталуы, ал, еңбекке қабілетті тұрғындардың тұрақты табыс табуына жағдай жасалуы қажет екенін Жолдауында бірнеше мәрте атап өтті. Өйткені, әлеуметтік мемлекеттің міндеті – қиындыққа тап болған жанды жалғыз қалдырмау ғана емес, оны сол тығырықтан алып шығатын нақты тетік ұсыну. Бұл ретте атаулы әлеуметтік көмек, жұмыспен қамту шаралары, мемлекеттік гранттар, арнаулы әлеуметтік қызметтер мен отбасыны сүйемелдеу жүйесі бір-бірінен бөлек емес, тұтас әлеуметтік саясаттың өзара сабақтас құралдары ретінде қаралуы тиіс.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

АӘК алушылар азайды

Бұл мәселенің әсіресе, ауылдық жерде салмағы орасан. Себебі, шалғайдағы тұрғын үшін әлеуметтік көмектің бар болуы бір бөлек те, оған қол жеткізуі мүлде басқа мәселе.

Облыста соңғы жылдары атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны азайғанымен, ауылдық аумақтарда мемлекеттік қолдауға деген сұраныс әлі де сақталып қалды. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, 2024 жылы аймақта атаулы әлеуметтік көмек алғандар саны 6 613 адам болса, былтыр бұл көрсеткіш 4 638 адамға дейін төмендеген. Ал, биылғы жылдың алғашқы бес айында 3 083 адам АӘК алушы ретінде тіркелген. Соның ішінде ауылдық жерлерде 2024 жылы – 2 476, 2025 жылы – 1 876, биылғы бес айда 1 287 адам осы көмекпен қамтылған. Демек, әлеуметтік көмектің бүгінгі өлшемі төлем тағайындаумен ғана шектелмейді.

Оның шынайы нәтижесі ауылдағы адамның мемлекет қолдауын дер кезінде сезінуінен, еңбекке араласуынан және отбасының тұрақты табысқа шығуынан көрінеді.

– Көмек алушылардың үлесінің төмендеуі қалада да, ауылда да байқалады. Мәселен, 2024 жылы қала тұрғындары арасынан 4 137 адам АӘК алса, 2025 жылы олардың саны 2 762 адамға дейін азайған. Биылғы бес айда қаладағы алушылар саны 1 796 адамды құрап отыр. Ал, ауылдық жерде 2024 жылы 2 476 адам атаулы әлеуметтік көмек алса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 1 876 адамға түскен. 2026 жылдың бес айында ауылдағы АӘК алушылар саны 1 287 адам болды. Бұл жерде бірден ұғып алған жөн. Сандардың төмендеуі әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасылардың азайып келе жатқанын аңғартқанымен, ауылдағы сұраныстың әлі де бар екенін жоққа шығармайды. Себебі, жалпы алушылар саны қысқарғанымен, АӘК алушылардың едәуір бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. 2024 жылы ауыл тұрғындарының үлесі 37,4 пайыз болса, 2025 жылы 40,5 пайызға жуықтады. Ал, 2026 жылдың бес айындағы көрсеткіш бойынша ауыл тұрғындары барлық АӘК алушылардың 41 пайыздан астамын құрап отыр, – деді облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысының орынбасары Әсем Жүніспекова.

Әсіресе, Нұра, Бұқар жырау, Шет және Осакаров аудандарында атаулы әлеуметтік көмекке деген қажеттілік салыстырмалы түрде жоғары. Биылғы бес айда Нұра ауданында 298 адам, Бұқар жырау ауданында 285 адам, Шет ауданында 217 адам, Осакаров ауданында 199 адам АӘК алған. Бұл ауылдық аумақтардағы әлеуметтік қолдау шараларының әлі де өзекті екенін аңғартса керек.

Басқарма өкілінің айтуынша, АӘК алушылар санының азаюы ең алдымен, отбасы табысының артуымен, еңбекке қабілетті азаматтардың жұмыспен қамту шараларына тартылуымен және өзге де

мемлекеттік қолдау тетіктерінің іске асуымен байланысты. Демек, атаулы әлеуметтік көмек бүгінгі күні тек уақытша төлем ретінде емес, отбасының табысын арттыруға бағытталған кешенді қолдау құралы ретінде қарастырылып отыр.

«Үйде қол қусырып отыруға болмайды»

Әлеуметтік көмектің мәні құрғақ санмен өлшенбейді. Оның артында әр отбасының тіршілігі, күнделікті қам-қарекеті тұр. Қарқаралы ауданының тұрғыны Айнагүл Әшкеннің әңгімесі де осы ойды қуаттайды.

Ауылын көрсетпеуді өтінген кейіпкеріміз – көпбалалы ана. Бүгінде ол қазақы ұлттық нақыштағы киім тігіп, оны саудаға шығарып, отбасының табысын толықтырып отыр. Айтуынша, көпбалалы отбасының күнделікті шығыны аз емес.

– Көпбалалы отбасы болған соң, балалардың қажетіне қаржы жеткізу оңай емес. Десе де, ертен балаларымыз өсіп, өзімізге қолғабыс ететін десек, үйде қол қусырып отыруға болмайды. Сондықтан, тек көмекке жүгіне бермей, екі қолға бір күрек тауып, өзіміз де қал-қалерімізше еңбек етіп жүрміз. Мүмкіндік беріп, қолдан келгенше қолдау көрсетіп жатқан мемлекетімізге алғысымыз шексіз, – дейді Айнагүл Әшкен.

Айнагүлдің айтуынша, ауылда отырып та табыс табуға болады. Ол үшін ең алдымен ниет, еңбекке икем және қолда бар мүмкіндікті ұқсата білу қажет.

Өтініш беру тәртібі

Әлеуметтік көмектің қолжетімділігі ең алдымен, өтініш беру тәртібінен басталады. Бүгінде бұл бағытта құжат қабылдау электронды форматқа көшкен. Басқарма ұсынған мәліметке зер салсақ, 2025-2026 жылдары ауылдық округ әкімдері арқылы атаулы әлеуметтік көмекке өтініш қабылдабаған. Барлық өтініш пен арыз электронды форматта eGov.kz порталы арқылы беріледі.

Дегенмен, ауыл тұрғыны үшін электронды қызметтің өзі қосымша түсіндіруді қажет ететін тұстар аз емес. Әсіресе, интернет сапасы, порталмен жұмыс істеу, электронды цифрлық қолтаңба, құжаттарды дұрыс жүктеу сияқты мәселелер кей азаматтарға қиындық туғызуы мүмкін. Сондықтан, алғашқы кеңес беру, жол көрсету, құжат рәсімдеу тәртібін түсіндіру ісінде мансап орталықтары мен ауыл әкімдерінің ролі сақталып қалмақ.

Қолданыстағы тәртіп бойынша, атаулы әлеуметтік көмекке үміткер адам алдымен, тұрғылықты жеріндегі мансап орталығына жүгінеді. Егер тұрғылықты жерде мұндай орталық болмаса, ауыл, кент немесе ауылдық округ әкіміне барып, көмек тағайындау тәртібі жөнінде ақпарат ала алады. Яғни, өтініш электронды түрде берілгенімен, ауылдағы түсіндіру жұмысы әлі де бетпе-бет қарым-қатынасқа сүйенеді.

Ауылдағы әлеуметтік көмектің тағы бір маңызды тетігі – мобильді топтар мен қабылдаулар. Себебі, шалғай елді мекендегі тұрғынның аудан орталығына барып, әр ме-



Коллаж жасаған Шынар Аламырзақы

кеменің табалдырығын тоздыруы оңай емес. Мұндайда қызметтің өзі ауылға жақындауы керек.

Осы бағытта ауылдық жерлер мен шалғай елді мекендерде әлеуметтік көмек тағайындау тәртібін түсіндіру, құжат рәсімдеуге жәрдемдесу, мемлекеттік қолдау шараларын таныстыру жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Бұл бағытта кездесулер, үй-үйді аралау, жеке қабылдаулар, консультациялар, түсіндіру әңгімелері ұйымдастырылады. Ақпарат стендтерге, ресми интернет-ресурстарға және әлеуметтік желілерге орналастырылады.

Бытыр ауылдық елді мекендерге мобильді топтар 224 рет шыққан. Ал, биылдың алғашқы бес айында мұндай 101 шығу ұйымдастырылған. Жұмыспен қамту бағытында да жұмыс сапарлары тұрақты. Биылғы жылдың басынан бері ауыл тұрғындары үшін 24 бос жұмыс орындары жәрменкесі өткізіліп, оған 121 жұмыс беруші қатысқан. Жәрменкелерде 984 бос жұмыс орны ұсынылып, 36 адам тұрақты жұмысқа орналасқан, тағы 40 адам белсенді жұмыспен қамту шараларына жіберілген.

Жәрдемақыдан – жұмысқа дейін

Атаулы әлеуметтік көмектің басты ерекшелігі – оның тек ақшалай төлеммен шектелмеуі. Жүйе еңбекке қабілетті отбасы мүшелерін жұмыспен қамту шараларына тартуды көздейді. Басқаша айтқанда, көмек уақытша демеу болса, жұмыс – отбасыны тұрақты табысқа шығаратын негізгі жол.

Маусым айына дейін ауылдық жерлерде жұмыспен қамту шараларымен 4 454 адам қамтылған. Оның ішінде 3 274 адам жұмысқа орналасқан. Соның 1457-сі бос жұмыс орындарына орналастырылса, 1 817 адам белсенді жұмыспен қамту істеріне тартылған. Белсенді бастамалардың қатарында қоғамдық жұмыстарға 1 134 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 144 адам, жастар практикасына 65 адам жіберілген. Сонымен қатар, «Күміс жас» жобасы арқылы 303 адам, «Алтын жас» жобасы арқылы 171 адам еңбекке араласқан.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелері де бұл шаралардан тыс қалған жоқ. Биылғы бес айда ауылдық жерде осы санаттағы 195 адам жұмыспен қамту шараларымен қамтылып, оның 146-сы жұмысқа орналасқан. Оның ішін-

де 90 адам бос жұмыс орындарына орналастырылса, 56 адам субсидияланған жұмыс орындарына жіберілген.

Шағын грант – үлкен мүмкіндік

Әлеуметтік қолдаудың тағы бір бағыты – кәсіп бастауға мүмкіндік беру. Әсіресе, ауылдық жерде тұрақты жұмыс орны әрдайым табыла бермейтінін ескерсек, шағын кәсіп ашуға берілетін гранттардың маңызы арта түседі.

– Әлеуметтік осал топ өкілдеріне жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін қайтарымсыз гранттар конкурстық негізде беріледі. Мұндай грантқа көпбалалы және аз қамтылған отбасылар, қандастар, қоныс аударушылар, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған азаматтар үміткер бола алады. Грант мөлшері 400 айлық есептік көрсеткіске дейін, яғни, 1 730 000 теңгеге дейін жетеді. Бұл қаржы қажетті құрал-жабдық, еңбек құралдары, технологиялық жабдық, мал, құс, көшет, тұқым немесе кәсіпке қажет өзге де заттарды алуға жұмсалады. 2024 жылы облыста әлеуметтік осал топ өкілдеріне 178 грант берілген. Оның ішінде, 106-сы көпбалалы отбасы мүшелеріне, 44-і мүгедектігі бар адамдарға, 18-і мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған азаматтарға, 6-уы асыраушысынан айырылғандарға, 4-суі атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілі. Ал, былтыр облыс бойынша 225 грант беріліп, жалпы сомасы 346,2 млн теңгені құраған. Биыл, яғни 2026 жылы 510 грант беру жоспарланып отыр, – деді басқарма басшысының орынбасары Әсем Жүніспекова.

Мұндай қолдаудың нақты нәтижесін Бұқар жырау ауданындағы жас кәсіпкер Рамиль Рысбаевтың тәжірибесінен көруге болады. Ол былтыр аудан әкімінің грантын жеңіп алып, аудан орталығында тез тамақтану орнын ашқан. 1,5 млн теңге көлеміндегі грантқа қажетті құрал-жабдық сатып алып, өз ісін бастап кеткен.

– Мемлекеттік грант туралы әлеуметтік желі мен таныстар арқылы білдім. Кейін толық ақпаратты әкімдік пен арнайы сайттардан қарап шықтым. Менің бизнес жоспарыма қолдау білдірді. Жоспарды таныстыру кезінде кәсіптің халыққа пайдасы мен болашақтағы дамуына назар аударылды. Грант кәсіпті бастауға зор көмек болды. Негізгі қажетті құрал-жабдыққа толықтай жетті.

Дегенмен, бұл қайтарымсыз қаражат болғанымен, соңында сенім мен есеп бар, – дейді Рамиль Даниярұлы.

Басқарма өкілдерінің айтуынша, грант берілгеннен кейін грант алушымен 12 айға шарт жасалады. Осы мерзім аяқталған соң қаржының мақсатты әрі тиімді пайдаланылуына мониторинг жүргізіледі. Егер грант қаражатын мақсатсыз пайдалану фактілері анықталса, заңнамаға сәйкес шара қабылданып, қаржыны өндіріп алу үшін материалдар сот органдарына жолданады.

Көмек нәтижемен өлшенеді

Ауылдағы әлеуметтік қолдаудың тағы бір маңызды бағыты – арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету. Себебі, әлеуметтік көмек еңбекке қабілетті азаматты жұмысқа орналастырумен ғана шектелмейді. Өздігінен жүріп-тұруы қиын, күтімге мұқтаж, жалғызділікті немесе мүгедектігі бар азаматтар үшін қолдаудың мәні күнделікті тұрмыстағы нақты көмектен көрінеді.

Аймақта ауылдық жерде жалғыз тұратын қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жұмысы жүйелі жүргізіледі. Бұл қызметтерді қалалар мен аудандардағы үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері қолданыстағы стандарттарға сәйкес атқарады.

– Көрсетілетін қызмет ауқымды кен. Оған әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-құқықтық көмек түрлері кіреді. Яғни, бұл бағыттағы жұмыс бір ғана төлем немесе бір реттік жәрдеммен шектелмейді. Әлеуметтік қызметкерлер қажет болған жағдайда азық-түлік, дәрі-дәрмек және бірінші кезекте қажет тауарларды жеткізуге көмектеседі. Коммуналдық төлемдерді төлеуге, медициналық ұйымдарға және мемлекеттік мекемелерге баруға жәрдемдеседі. Сонымен қатар, тұрғын үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайын сақтауға, бос уақыты ұйымдастыруға, әлеуметтік бейімделуге де қолдау көрсетіледі, – дейді Әсем Жүніспекова.

Қазіргі жүйенің басты бағыты – қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасын ертерек анықтап,



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

оған қажет көмекті кешіктірмей көрсету. Бұл бағытта облыста отбасыны қолдау орталықтары мен FSM Social мобильді қосымшасы арқылы жұмыс жүргізілуде.

Бұл бағытта бүгінде Қарағанды облысында 11 отбасыны қолдау орталығы жұмыс істейді. Олар Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Саран, Шахтинск қалаларында, сондай-ақ, Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров және Шет аудандарында орналасқан. Бұдан бөлек, Приозерск қаласы мен Қарқаралы ауданында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жөнінде тағы 2 орталық қызмет көрсетеді.

Бұл орталықтардың негізгі міндеті – қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға ақпараттық, консультативтік, психологиялық, құқықтық, әлеуметтік және өзге де бағыттар бойынша кешенді көмек көрсету. Әсіресе, отбасының әлеуметтік әл-ауқатын бағалау әдістемесі бойынша шұғыл немесе дағдарыс деңгейіне жатқызылған отбасылар ерекше назарға алынады.

Соңғы дерекке сүйенсек, жыл басынан бері отбасыны қолдау орталықтарында 2 771 қызмет көрсетіліп, 1 383 адам қамтылған. Оның ішінде, жұмысқа орналастыру бойынша – 184, әлеуметтік көмек, жәрдемақы, арнаулы әлеуметтік қызмет және мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету бойынша – 113, тұрғын үй мәселелері бойынша – 155, заңгерлік көмек бойынша – 484, психологиялық көмек бойынша 543 қызмет көрсетілген. Сонымен қатар, 671 жағдайда қайырымдылық және демеушілік көмек ұйымдастырылған.

FSM Social қосымшасы арқылы мемлекеттік органдар арасындағы байланыс та жолға қойылған. Қиын жағдайдағы отбасы немесе тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны туралы дабыл, білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер және басқа да органдардан отбасыны қолдау орталықтарына осы мобильді қосымша арқылы түседі. Ал, отбасы орталыққа өзі жүгінген жағдайда, жүйе Цифрлық отбасы картасының деректері негізінде оның әлеуметтік портретін қалыптастырады. Кейін жеке көмек жоспары жасалып, тиісті мемлекеттік органдарға орындауға жолданады.

Күні бүгінге дейін FSM Social мобильді қосымшасы арқылы орталықтар 838 консультация көрсетіп, 455 іс мемлекеттік органдарға жолдаған. Ал, мемлекеттік органдардан орталықтарға 383 өтінім түскен. Оның 337-сі қиын өмірлік жағдайға, 46-сы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты.

Түйін

Ауыл азаматының еңбегі – ел экономикасының іргетасы. Сондықтан, мемлекеттік көмектің мақсаты – ағайынды тек жәрдемақыға тәуелді етіп қою емес, олардың еңбекке деген құлшынысын оятып, өз шаруасын дөңгелетіп кетуіне жағдай жасау. Ауылдағы әрбір отбасы өз мүмкіндігін тауып, тұрақты табысқа қол жеткізгенде ғана біз тұтас елдің еңесін тіктей аламыз. Алдағы уақытта да осындай баянды бастамалар жалғасын тауып, ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік алшақтық жойылып, ақ ниетті ағайынның еңбегі арқашан бағалана беретініне сенім мол.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

БЖЗҚ декларациясы жаңарды

Қазақстанда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) инвестициялық декларациясына өзгерістер енгізілді. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық банкі хабарлады.

Жаңа өзгерістер зейнетақы активтерін инвестициялау мүмкіндіктерін кеңейтуге және инвестициялық портфельді әртарапандыруға бағытталған. Салымшылардың зейнетақы жинақтарын бұрынғыдай Ұлттық банк пен инвестициялық

портфельді басқарушы жеке компаниялар басқара береді.

Өзгерістерге сәйкес, Ұлттық банк зейнетақы қаражатын қаржы құралдарының кеңірек тізіміне инвестициялай алады. Бұл қаражатты әртүрлі активтер арасында тиімді

бөліп, ұзақ мерзімді БЖЗҚ активтерінің табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Ұлттық банк ресми бағамы белгіленетін шетел валюталарының санын 39-дан 48-ге дейін көбейтті. Тізім сыртқы саудала және халықаралық есеп айырысуларда жиі қолданылатын валюталарды ескерте отырып жаңартылды.

Өз тілімізден

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+ математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қоғам үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жалыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

Үздіктер іріктелді

Футболдан 2026 жылғы әлем чемпионатының топтық кезеңі өз мәресіне жетті. Енді турнирдің ең шешуші әрі тартысты бөлігі – плей-офф кезеңі басталды. Биыл алғаш рет 48 құраманың қатысуымен өтпін жатқан әлем біріншілігі жанкүйерлерге тартыса толы кездесулермен қатар, күтпеген нәтижелер де сыйлады. Дәстүрлі фавориттер тағы да өз деңгейін көрсеткенімен, бұл жолы олардың тасасында қалып қоймай, жарқын ойынымен көпшіліктің ықыласына бөленген құрамалар да аз болған жоқ. Бірқатар команда батыл ойынымен, ұйымшылдығымен және сенсациялық нәтижелерімен әлем чемпионатының басты жаңалықтарының біріне айналды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ең алдымен, Кабо-Верде құрамасын ерекше атауға болады. Африкалық команда әлем чемпионаты тарихында алғаш рет плей-офф кезеңіне жолдама алып, турнирдің басты жаңалығына айналды. Испания мен Уругвай секілді азулы қарсыластары бар топта батыл ойын көрсеткен Кабо-Верде тәртіпті қорғанысы мен жылдам қарсы шабуылдарының арқасында жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленді. Енді олар 1/16 финалда әлем чемпионы Аргентинамен кездеседі.

Тағы бір жағымды тосынсыз – Босния және Герцеговина құрамасы. Әлем чемпионатына екінші рет қатысып отырған еуропалық ұжым топтық кезеңде сенімді ойын өрнегін көрсетіп, фавориттердің бірін кейінге ысырды. Нәтижесінде, келесі кезеңге өтті. Енді олар 1/16 финалда алаң иелерінің бірі – АҚШ құрамасымен кездеседі.

Африка футболының дамуы биылғы әлем чемпионатында айқын байқалды. Марокко 2022 жылғы жетістігінің кездейсоқ

еместігін тағы бір дәлелдеп, топтан сенімді шықты. Ал, Оңтүстік Африка да плей-оффқа жолдама алып, құрлық футболының әлеуетін көрсетті. Азия құрлығының намысын қорғаған Жапония да тұрақты әрі сапалы ойынымен ерекшеленді. Тәртіпке негізделген тактикасы, жоғары жылдамдығының арқасында жапон футболшылары плей-оффқа шығып, енді әлемнің бес дүркін чемпионы Бразилияға қарсы маңызды матч өткізгелі отыр.

Сонымен қатар, Канада құрамасы да өз жанкүйерлерін қуантты. Алаң иелерінің бірі ретінде топтық кезеңде II орынмен келесі кезеңге жолдама алды. Тіпті, 1/16 кезеңде Оңтүстік Африка құрамасын жеңіп, 1/8 финалға шыққан алғашқы командалардың бірі болды.

Топтық кезеңде сүреңсіз ойын көрсеткен құрамалардың қатарында бірнеше фаворит те болды. Әсіресе, Уругвай жанкүйерлердің үмітін ақтамайды. Тәжірибелі футболшыларға арқа сүйеген оңтүстік америкалық құрама өз тобында тұрақты ойын көрсете алмай, плей-офф кезеңінен тыс қалды. Сондай-ақ, Колумбия да

сенім үдесінен шыға алмады. Турнир басталар алдында мамандар жоғары бағалаған команда шешуші сәттерде ұпай жоғалтып, келесі кезеңге жолдама ала алмады. Ал, Эквадор құрамасы топтық кезеңде тұрақсыз ойын өрнегін көрсетті. Қорғаныстағы қателіктер мен шабуылдағы нәтижесіздік олардың жарысты ерте аяқтауына себеп болды.

Норвегия да әлемдік деңгейдегі жұлдыздарына қарамастан, өз мүмкіндігін пайдалана алмады. Маңызды кездесулерде жеңісті уыстан шығарып алып, топтан шыға алмады. Сол сияқты Тунис құрамасы да үмітті ақтап алмады. Африкалық ұжым тартысты ойындар өткізгенімен, шешуші ұпайларды жинап алмай, әлем чемпионатымен ерте қоштасты.

Осылайша, биылғы әлем чемпионаты тағы бір мәрте футболда атақ пен бедел нәтижесін кепілі емес екенін көрсетті. Ал, олардың орнына Кабо-Верде, Босния және Герцеговина, Конго Демократиялық Республикасы секілді құрамалар сенсация жасап, плей-офф кезеңіне жолдама алды.

Сурет FIFA

• КӨРМЕ

Опера аңызының мұрасы

«Сахна аңызы – Ермек Серкебаев» атты көрмеге келген қонақтарға қазақ операсының аңызға айналған тұлғасының үніне құлақ түріп, сирек архивтік материалдарды тамашалап, ұлттық опера өнерінің тарихына терең бойлау мүмкіндігі бұйырды. КСРО халық әртісі Ермек Серкебаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған көрме Қарағандыдағы Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада ұйымдастырылды.



Сурет облыс әкімінің сайлауы

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрме қонақтары өнер шеберінің өмірбаянымен танысып, оның шығармашылық жолының тарихына қанықты. Экспозицияда кітаптар, фотосуреттер, архивтік құжаттар, сирек кездесетін материалдар, сондай-ақ, әйгілі бари-тонның орындауындағы шығармалар жазылған күйтабақтар көпшілік назарына ұсынылды.

Өнер әдебиеті бөлімінің менгерушісі Балжан Оспанқұлованың

айтуынша, бұл көрме Қазақстанның көрнекті мәдениет қайраткерлерінің мерейтойларына арналған кездесулер мен көрмелер топтамасының бір бөлігі ғана.

– Біздің кітапхана қорында 92 мыңнан астам кітап сақталған. Жылдық жоспарды әзірлеу барысында еліміздің мәдениет және өнер саласының танымал тұлғаларының мерейтойлық даталарына ерекше көңіл бөледі жөн көрдік. Ермек Серкебаевтың 100 жылдығына орай осы көрме мен интерактивті кездесуді ұйымдас-

тырдық. Келушілер оның шығармашылығымен танысып, сирек материалдарды тамашалады әрі әйгілі әншінің орындауындағы туындылардың аудиожазбаларын тыңдады, – деді Балжан Оспанқұлова.

Ермек Серкебаев тек опера әншісі ретінде ғана емес, актер ретінде де кеңінен танылған. Көрермендер оның қатысуымен түсірілген «Менің сүйікті дәрігерім», «Тақиялы періште» және өзге де фильмдерді жақсы біледі.

Өнер несінің шығармашылық мұрасы бүгінгі күні де өз жалғасын табуда. Оның өнерлі әулетінің дәстүрін белгілі скрипкашы Жәмила Серкебаева, музыкант Байғали Серкебаев және дирижер Алмас Серкебаев лайықты түрде жалғастырып келеді.

Көрменің қонақтары қатарында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының оқытушылары да болды. Көпшілік үшін бұл көрме Ермек Серкебаевтың тұлғасы мен шығармашылығына жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

• СПАРТАКИАДА

Іріктеу сайыстары өтті

Қарқаралыда ауыл спортшылары арасында «Сарыарқа – 2026» жазғы спартакиадасына баратын үміткерлерді іріктеу жарысы жоғары деңгейде өтті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спартакиадаға ауданның он аймаққа бөлінген барлық ауылдық округтерінен құралған командалар қатысып, спорттың 9 түрі – шағын футбол, волейбол, президенттік көпсайыс, асық ату, бес асық, гир тасын көтеру, кол күресі, дойбы және устел теннисі бойынша өзара бақ сынасты.

Жарыс нәтижесі жалпыкомандалық есеп бойынша: Нұркен, Қайнарбұлақ, Жаңатаған ауылдық округтерінен құралған I орын, Қа-



рағайлы кенті мен Қ.Аманжолов ауылдық округтерінен құралған команда II орын, Бүркітті мен Балқантау ауылдық округтерінен құралған команда III орын иеленді. Жәнімпаз және жұлдегер

атанған командалар ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің қобуғымен, медальдарымен және мадақтама қағаздарымен марапатталды.

Сурет автордан

• ФУТБОЛ

Тараздағы табысты ойын

Футболдан Бірінші лига ойындарының XI туры аясында қарағандылық «Шахтер» сырт алаңда «Тараз» клубымен кездесті. Нәтижесінде, жерлестер жеңіске жетіп, маңызды ойында ұпай жоғалтпады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық клуб үшін алдағы кездесулерде ұпай жоғалтуға мүлде болмайды. Қазіргі таңда команда қоржынында 28 ұпай бар. Алайда, турнирлік кестеде бір ұпай артық жинаған «Қайраттың» жастар құрамасы көш бастап тұр. Үздік үштікті 24 ұпаймен түркістандық «Тұран» түйіндеді. Яғни, олар қарағандылықтардан төрт ұпайға қалып келеді. Ал, жерлестердің Премьер лигаға жолдама алу мүмкіндігін сақтап қалуы үшін әрбір матчта ұпай жоғалтпау қажет. Өйткені, Биыл Қазақстан Премьер лигасына Бірінші лига-



дан тек үздік екі командаға ғана жолдама беріледі.

Төресінің алғашқы ысқырынан кейін алаң иелері допты ойынға қосты. Дегенмен, бастаманы көп ұзамай қарағандылықтар өз қолына алып, қарсылас қақпасына үздіксіз қысым көрсетті. Қонақтар шабуылды үдетіп, есеп ашуға бар күшін салды. Нәтижесінде, ойынның 9-шы минутында «Шахтер» алға шықты.

Кезекті шабуыл кезінде алаң иелерінің қорғаушысы допты алаң сыртына шығарып жіберіп, қарағандылықтар бұрыштама добын орындау мүмкіндігіне ие болды. Бұрыштама добын Данила Васильченко ойынға қосты. Оның әулеті асырған пасына Александр Мигунов бірінші болып жетіп, допты қақпа торына тоғытты. Осылайша, есеп – 1:0.

Бірінші голдан кейін таблодағы есеп ұзақ уақыт өзгеріссіз сақталды. Кездесудің 49-шы минутында Артем Литош қарсылас қорғаушысын қапы қалдырып, қақпашымен бетпе-бет шықты. Осы мау-

сымда мергендігімен көзге түсіп жүрген шабуылшы бұл мүмкіндікті де мүлт жіберген жоқ. Қақпашыны қапы қалдырып, есепті еселеп кетті. Таблодағы көрсеткіш – 2:0. Осылайша, қарағандылықтар сырт алаңдағы маңызды кездесуде сенімді жеңіске жетіп, үш ұпайды қоржындарына салды.

«Шахтер» клубын шілде айында бес маңызды кездесу күтіп тұр. Оның екеуі Қарағандыда өтсе, қалған үш матчты команда сырт алаңда өткізеді. Жерлестер 10 шілдеде түркістандық «Тұранды», 24 шілдеде «Арыс» клубын өз алаңында қабылдайды. Сырт алаңдағы ойындарын команда 2 шілдеде «Оңтүстік Академияға» қарсы бастайды. Одан кейін 16 шілдеде Екібастұздың «Батыр» клубымен, 31 шілдеде «Тобылдың» жастар құрамасымен кездеседі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 күнелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖКЗХ БИН 000840001412

Тарапымы 4 108
№69 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРХАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ